

65
D-42

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛ УНИВЕРСИТЕТІ
«Экономика және әкімшілік ғылымдар» факультеті
«Экономика және Қаржы» кафедрасы



5B050600 «ЭКОНОМИКА»,
5B050800 «ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ»
ЖӘНЕ 5B050900 «ҚАРЖЫ»
МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕР ҮШІН
ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС ЖАЗУҒА
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ ИНСТРУКЦИИ
ПО ВЫПОЛНЕНИЮ ДИПЛОМНОЙ РАБОТЫ
СТУДЕНТАМИ БАКАЛАВРИАТА
5B050600 «ЭКОНОМИКА»,
5B050800 «УЧЕТ И АУДИТ» И 5B050900 «ФИНАНСЫ»

СУЛЕЙМАН ДЕМІРЕЛ УНИВЕРСИТЕТІ

«Экономика және әкімшілік ғылымдар» факультеті



«Экономика және Қаржы» кафедрасы

**5B050600 «ЭКОНОМИКА»,
5B050800 «ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ»
ЖӘНЕ 5B050900 «ҚАРЖЫ»
МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕР
ҮШІН ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС ЖАЗУҒА
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ ИНСТРУКЦИИ
ПО ВЫПОЛНЕНИЮ ДИПЛОМНОЙ РАБОТЫ
СТУДЕНТАМИ БАКАЛАВРИАТА
5B050600 «ЭКОНОМИКА»,
5B050800 «УЧЕТ И АУДИТ» И 5B050900 «ФИНАНСЫ»**

Қаскелең, 2015

Баспаға Сүлейман Демирель Университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің 2015 жылғы 25-тамыздағы № 1 хаттамасы бойынша ұсынылды.

Пікір жазғандар:

1. Елшібаев Рақымжан – Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеттің «Экономика» кафедрасының доценті, э.ғ.к.
2. Темірбекова Жанар - Сүлейман Демирель Университеттің «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының меңгерушісі, СДУ қауымдастық профессоры, э.ғ.к.

Құрастырушылар: Сарсенова Д., Төлегенова Р.

5B050600 «ЭКОНОМИКА», 5B050800 «ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ» және 5B050900 «ҚАРЖЫ» мамандықтары бойынша студенттер үшін дипломдық жұмыс жазуға әдістемелік нұсқаулар/ Сарсенова Д., Төлегенова Р.– Қаскелең: СДУ баспаханасы, 2015 -39 б

УДК 338.8
ББК 36.01



Мазмұны

Мазмұны	Беті
1 Диплом жұмысын дайындау, жазу, қорғау тәртібі бойынша жалпы ережелер	3
2 Диплом жұмысының тақырыбын таңдау және оны жазу ережелері	4
3 Диплом жұмысының құрылымы және оның қысқаша мазмұны	5
4 Диплом жұмысын рәсімдеуге қойылатын талаптар	9
5 Диплом жұмысын қорғау тәртібі	14
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	16
Қосымшалар	17

1 Диплом жұмысын дайындау, жазу, қорғау тәртібі бойынша жалпы ережелер
Әдістемелік көрсетулер студенттер үшін дипломдық жұмысты орындау және оларды қорғау барысындағы міндетті талаптар, ережелер мен ұсыныстарды анықтау мақсатында болады.

Олар дипломдық жұмыс тақырыптарының өзектілігін қамтамасыз етуге, және олардың ғылыми деңгейі мен орындалу сапасын көтеруге арналған, сонымен қатар кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін көтеру мен оның нарықтағы тұрақты жағдайы мақсатында өндірісті басқару мен ұйымдастыруды жетілдіру бойынша нақты жасалатын тәжірибелік ұсыныстар бойынша дипломдық жұмыстың үлесін көтеруге арналған.

Дипломдық жұмыс тандалған мамандық бойынша білімді тереңдету үшін, өзінің ойларын логикалық және байланысты жеткізу қабілетіне не болу үшін, зерттеліп отырған мәселе бойынша қорытындылар мен рекомендацияларды, негізгі жағдайды сенімді түрде ашуға көмектеседі.

Ол қаралып жатырған сұрақтарға шығармашылық тәсілмен, зерттелініп отырған тақырып пен сұрақтар бойынша әр түрлі көзқарасқа сыни тәсілмен айрықшалануы керек.

Дипломдық жұмыс студенттің ЖОО соңғы оқу кезеңі болып табылады және өзінің мақсаттары бар:

- мамандығы бойынша теориялық білімін кеңейту, бекіту мен жүйелеу, және бұл білімді ұйым мен басқару саласында нақты мәселелерді шешуге қолдану;
- өзіндік жұмысты жүргізуде қабілеттіліктерді дамыту, дипломдық жұмыста мәселесіні мәселелер мен сұрақтарды шешу барысында зерттеу әдісін меңгеру;
- талаптарға сай өзіндік жұмыстар үшін студенттің дайындығын көрсету.

Дипломдық жұмыстың мазмұны жоғарыда көрсетілген мақсаттарға сай болуы үшін, ол тандалған тақырыпқа байланысты арнайы ғылыми теориялық әдебиетті, нақты шаруашылық субъектілерінің өндірістік шаруашылық және қаржылық қызметі материалдарын терең оқу негізінде жасауы керек. Бұл студенттің диплом алды тәжірибес немесе жұмыс өтетін жерінің шаруашылық субъектісі туралы мәліметтер болуы керек.

Жасалған материалдар негізінде автордың ұсыныстары кәсіпорынға (ұйымға) пайдалы болған кезде, дипломдық жұмыс құнды болады, ұсыныстарды жүзеге асыру белгілі бір экономикалық эффектіні беруі немесе тиімді басқару шешімдерін қабылдауда септігін тигізуі мүмкін.

Дипломдық жұмысты орындау барысында студент тандалған тақырыптың сұрақтары бойынша: ҚР заңдарын, Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлықтарын, халыққа арнаған Жолдауларын, үкіметтің нормативті-құқықтық актілерін; ғылыми және оқулық әдебиеттердегі ұлттық экономиканы басқаруға байланысты сұрақтарды, мерзімдік басылымдарды; жоспарлау, есеп, салық салу бойынша нұсқаулар, техникалық экономикалық көрсеткіштердің есептеулерін және нақты кәсіпорынның қаржылық есеп берулерін қарастырып оқиды.

2 Диплом жұмысының тақырыбын тандау және оны жазу ережелері

Дипломдық жұмысты орындауды ұйымдастыруды нақты және уақытылы жоспарлау оның сапасы мен сәтті қорғалуына өз әсерін тигізеді. Дипломдық жұмысты жазу кезіндегі негізгі аспектілер - оның тақырыбын тандау және күнтізбелік жоспар бойынша оны орындаумен қатар, жұмысты көркемдеу талаптарымен танысу.

Дипломдық жұмыстардың тақырыптарын «Экономика және қаржы» кафедрасы құрады және жүйелі түрде жаңартып отырады. Тақырыптарға ҚР ұлттық экономикасын, оның өнеркәсіптерін дамытуға және ортапандыруға, әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызмет ету тиімділігін арттыруға, кәсіпкерлік субъектілерін дағдарысқа қарсы басқарудың нарықтық механизмін қалыптастыруға және басқа да өзекті мәселелерге қатысты сұрақтар енгізіледі.

Студент тандалған мамандығы бойынша білім мен жұмыс қабілетін толық пайдаланып, орындауға мүмкіндігін есептейтін ұсынылған тақырыптардың ішінен көз келген дипломдық

жұмыс тақырыбын алуға құқығы бар. Студент бекітуге мамандықтың профиліне тиістігін және өзектілігін алдын ала негіздеп, өзінің дипломдық жұмыс тақырыбын ұсынуға құқылы. Бір жылы шығарылатын бірнеше түлектерге (екіден көп емес) бір тақырыпқа дипломдық жұмысты орындауға рұқсат етілмейді.

Ғылыми жетекшімен дипломдық жұмыстың нақты құрылымын келіскеннен кейін, студент кафедра меңгерушісіне оны орындауға рұқсат беруді сұрап өтініш жазады (Қосымша А). Диплом алды тәжірибе өтетін жер мен студенттің өтінішін ескере отырып, кафедра студенттерге нақты тақырыптарды, олардың ғылыми жетекшілерін белгілеу туралы шешімді шығарады және университеттің жарлығымен бекітуге ұсынады.

Ғылыми жетекші студентке ғылыми-әдістемелік тұрғыда көмек береді. Ол:

- дипломдық жұмыстың жоспарын жасауға қатысады, жоспар уақыт өте келе нақтылануы және өзгертілуі мүмкін;

- дипломдық жұмысты орындау тапсырмаларын береді (Қосымша Б);

- студентпен бірге дипломдық жұмыстың орындалуының барлық кезеңіне күнтізбелік жоспар кестесін жасайды (Қосымша В). Күнтізбелік жоспар кесте – бұл студент пен ғылыми жетекшінің біріккен жұмысын анықтайтын жұмыс құжаты болып табылатындықтан пікір және рецензиямен бірге дипломдық жұмыстағы конвертке салынады;

- студентке дипломдық жұмыстың мазмұнына байланысты қажетті негізгі, анықтамалық, статистикалық әдебиеттер және т.б. көздер бойынша кеңес береді;

- күнтізбелік жоспар кестеге сәйкес белгіленген жұмыстардың уақытылы және сапалы орындалуын қадағалай отырып, кеңес беру кестесін құрайды;

- диплом жұмысының (жобаның) барлық тарауының көлемін белгілейді және диплом жазушы мен кеңес берушінің жұмысын үйлестіреді.

- дипломдық жұмыстың орындалуы аяқталғаннан соң, жұмыс жайлы пікір жазады. Оның мазмұнын белгіленген талаптарға қанағаттану сәйкес екенін көрсетіп, қысқаша міндетке береді.

Қажет болған жағдайда, дипломдық жұмыстың жекелеген тарауына кеңес беру мақсатымен Сулейман Демирель атындағы университеттің және басқа ЖОО-ның оқытушылары, мемлекеттік органдарда, кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу институттарында тәжірибелік және/немесе ғылыми қызметтегі жоғары білікті мамандар да белгіленуі мүмкін.

Кафедра меңгерушісі диплом жұмысының орындалуы бойынша студенттің есеп беру мерзімін белгілейді. Бұл мерзімдерде студент ғылыми жетекшінің алдында және кафедра меңгерушісіне есеп береді, осы есеп бойынша диплом жұмысының дайындық дәрежесі назарға алынады.

3 Диплом жұмысының құрылымы және оның қысқаша мазмұны

Дипломдық жұмыс Сулейман Демирель атындағы университеттің соңғы курс студентінің өз бетінше дайындаған ғылыми жұмысы болып табылады.

Дипломдық жұмыс әрбір тақырыпқа қолданылатын арнайы экономикалық әдебиетті, анықтамалық құралдар, нормативті нұсқаулық құжаттарды, республика, аймақ және облыстар, еңбек ұжымы, ғылыми зерттеу және жобалық институттар көлеміндегі жоспарлық және есептік мәліметтер, сонымен қатар, отандық және шетел ғалымдарының еңбектеріне терең және жан-жақты зерттеу негізінде орындалады. Оқсыз талдауды бастауға халық шаруашылығының кез келген бөлімінде нақты материалдарды толықтыруға, ұсынылатын мемлекеттік стандарттар бойынша қазіргі кездегі мәселелер мен талаптар деңгейінде сапалы дипломдық жұмысты орындау мүмкін емес.

Бекітілген дипломдық тақырыпты жасауға кірісерде автор міндетті:

1. Дипломдық жұмысты орындауға керекті жоспарлы және нақты материалдарға талдау жасау үшін қажетті көздермен қамтамасыз ету.

2. Жұмыстың тақырыбы бойынша библиография құру және қорытындылар мен тәжірибелік рекомендациялардың негізделуіне ерекше мән беріп оқу.

Экономиканы тиімді дамыту саласындағы ең өзекті мәселелерге теориялық дұрыс ашылуды жатқызамыз:

а) халық шаруашылығы мен аймақтық жоспарлаудың мәні және әлеуметтік экономикалық мағынасы, оның өндіріспен, экономикалық заңдарды пайдалану түрлері мен әдістері және ұлттық экономиканы басқару заңдылықтарымен өзара байланысы;

б) шаруашылық субъектілері, салалық және аумақтық органдар деңгейінде өндірісті басқарудың ұйымдық құрылымы, олардың нарық жағдайындағы жұмысын жетілдіру;

в) кәсіпорынды (ұйымды) басқару органдарының соңғы 3-5 жылдағы қаржылық шаруашылық және өндірістік қызметін сипаттайтын болжамдар мен есептік материалдар;

г) тиімді шаруашылық тетігін құру жөніндегі салалық және территориялық басқару органдарының жүргізетін ұйымдық жұмыстың деңгейі;

3. Экономикалық математикалық есептеулер және олардың жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану негіздемесі жүргізілетін дипломдық жұмыстың сұрақтарын жасауда.

4. Кафедра отырысында дипломдық жұмыстардың орындалу барысы туралы тыңдалатын ғылыми жетекшілердің алдында белгіленген мерзімде және есеп беру.

Дипломдық жұмысты жазу барысында келесі ережелерді сақтау керек:

– дипломдық жұмыстың кіріспесі мен қорытындысы 1-2 беттен артық болмауы міндетті;

– жұмыстың әрбір тарауы 2-3 параграфтан тұруы керек. Сонымен бірге әрбір параграфтың көлемі 10-12 беткей болуы шарт;

– жұмыстың теориялық, талдаулық және конструктивтік бөлімдері көлемі жағынан шамамен бірдей болғаны дұрыс (1 бөлім – 10-12 бет, 2 бөлім – 10-14 бет, 3 бөлім – 10-12 бет). Ең көп кездесетін көтелік теориялық тарау көлемінің (бет саны) көп болуы.

Дипломдық жұмысқа жалпы талаптары болып мыналар табылады:

- оның құрылымдық құрылуындағы нақтылық;
- материалдың мазмұнында логикалық байланыс;
- аргумент материалдарының шынайылығы;
- жұмыстың нәтижелерін субъективті және бірнеше мәрте жеткізу мүмкіндігін ескерілмейтін тұжырымының қысқалығы және анықтығы;
- жұмыс нәтижелері көрсетуде нақтылық;
- қорытындыларды дәлелдеу және автор рекомендациясының (ұсынысының) негізділігі.

Диплом жұмысының құрылымдық элементтеріне мыналар жатады:

- мұқаб (Қосымша Г);
- титул беті;
- диплом жұмысының орындалуына тапсырма;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды (тұжырым);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

Титул беті диплом жұмысының бірінші беті, ол белгіленген қатаң тәртіпшен толтырылады (Қосымша Г).

Титул беті жалпы беттердің нөмірленуіне қосылады, бірақ оған нөмір қойылмайды.

Жұмыстың «Мазмұнында» кіріспе, барлық тараулардың, параграфтардың атауы, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі, қосымшалардың атауы және әрқайсысының басталу беттері көрсетілуі керек. Тараулардың және параграфтардың атауын қысқартып жазуға, басқа түрде келтіруге немесе орындарын ауыстырып жазуға тыйым салынады (Қосымша Д).

«Кіріспеде» жұмыстың ең өзекті мәселелерін, мақсаты мен міндеттерін, ғылыми жаңалығы, зерттеу объектісі мен пәнін, зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері, сонымен қатар оның тәжірибелік маңыздылығын көрсету керек.

Дипломдық жұмыстың мақсатын тұжырымдау кәсіпорындағы мәселелерді талдап, экономикалық құбылыстардың арасындағы заңдылықтарды табуға бағытталуы керек.

Дипломдық жұмыстың міндеттері мақсатына байланысты анықталады. Онда төмендегідей сөздер қолданылады: талдау, әзірлеу, жалпылау, дәлелдеу, ендіру, зерттеу, анықтау, көрсету, сипаттау, жүйелеп баяндау, ұсыныстар ұсыну, болжамдар жасау, өзара байланысын анықтау, болашақтағы дамуын айқындау.

Міндеттерді анық тұжырымдау маңызды, өйткені міндеттердің мазмұны, тізімі және олардың орындалуына байланысты дипломдық жұмыстың құрылымы анықталып, сәйкес тараулардың атаулары белгіленеді.

Дипломдық жұмыстың мақсатына байланысты, оның келесі міндеттері анықталып, шешіледі:

- зерттеліп отырған тақырып бойынша теориялық аспектілерін айқындау;
- зерттеу жүргізілген кәсіпорынның жалпы сипаттамасы және қаржылық-экономикалық көрсеткіштеріне талдау жасау;
- есепті-аналитикалық қызметтерге, қолданылатын есеп әдістемесі, талдау және ұйымның ішкі аудиті; сонымен қатар таңдалған зерттелетін объектінің бухгалтерлік есебінің ұйымдастырылуын қарастыру;
- зерттеу жүргізілген кәсіпорынға жоспарлауды ұйымдастыру тиімділігін арттыру немесе есепті жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі ретінде – нақты шаруашылық субъектілерінің экономикалық қызметі алынады.

Дипломдық жұмыстың пәні оның тақырыбымен анықталады және зерттеу объектісінің даму болашағын сипаттайтын шаруашылық-экономикалық қатынастардың жиынтығын зерттеудің авторлық көзқарасын көрсетеді.

Мысалы: Дипломдық жұмыстың тақырыбы: «Кәсіпорындағы фирмашілік жоспарлауды ұйымдастыру («Өбеке» ЖШС-нің мысалында)»

Зерттеу объектісі ретінде отандық нарықта өндірістік қызметті жүзеге асыратын «Өбеке» ЖШС-і алынды.

Зерттеу пәні кәсіпорындағы фирмашілік жоспарлауды ұйымдастырудың теориялық, әдістемелік және тәжірибелік аспектілерінің жиынтығы болып табылады.

Жұмыс тақырыбы бойынша қолданылған зерттеу әдістерін ашуды қысқаша түрде мазмұндау талап етіледі. Бұл жерде автордың жеке зерттеуі бойынша қорытындысы, ұсыныстары, жасалған әдістерді көрсету өте маңызды.

Диплом жұмысының ғылыми жаңалығы әдетте экономикалық үрдістердің құрамдас бөліктері, олардың жекелеген түсініктерін нақтылауда көрініп, автордың зерттеу проблемаларын шешуге қосар үлесін сипаттайды (түсініктердің авторлық ұсынысы, жүйеленуі, жіктелуі, тиімділікті анықтау әдістемесі, нарықты сегменттеу және т.б.).

Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімі үш бөлімнен және тиісті тараулардан тұрады. Дипломдық жұмысты әрбір бөлімін 2-3 тарау негізінде құру ұсынылады. Кейбір жағдайларда бес тараудан кем тұрмайтын екі бөлім болады.

Негізгі бөлімді түсіндіру үрдісінде талданған сауалдарға деген автордың өз ойына да орын табылуы тиіс.

Жұмыстың бірінші тарауы теориялық сипатта болады. Ол зерттеу тақырыбын ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан, ғылыми әдебиеттерді және ресми мәліметтерді (нормативтік-құқықтық құжаттарды, статистикалық ақпаратты, ағымдық басшылардың) сыни талдау, сонымен бірге зерттеу тақырыбындағы әр түрлі көзқарастарды жаппылау негізінде жазылуы тиіс. Жұмыста шетелдік тәжірибе қарастырылуы керек. Бұл

тарауда зерттелетін үрдістің мәнін, мазмұнын, ұйымдастырылуын және оның құрамдастарын терең зерттеп, оны салыстырмалы талдау арқылы негіздеп, өз ұсынысын көрсету қажет.

Екінші бөлім аналитикалық, онда әр түрлі ғылыми әдістер мен жаңа технологиялық зерттеулерді пайдалану арқылы кәсіпорынның соңғы 3-5 жылдағы жиналған тәжірибелік материалдарына анализ жасалған болу керек, яғни, ол зерттеліп отырған кәсіпорында қарастырылған мәселелердің күйіне анализ жасау, бағалау, нақты есептеулерді орындау. Сонымен қатар, бұл бөлімге тиісті салалық нарықтың күйін және дипломдық жұмысқа байланысты болса, онда кәсіпорынның орнын сипаттайтын бөлімше енгізілуі мүмкін. Бұл тарауды жазу барысында студент фактілік материалға терең анализ жасау негізінде жаңа білімін жинақтаумен қатар, алынған қорытындылар мен нәтижелерді негіздей және дәйектей білугін көрсетуі керек.

Үшінші бөлімде тиісті есептеулерді келтірумен кәсіпорынның (ұйымның) қызметін тиімді етуге бағытталған ұсыныстарды көрсету қажет. Бұл тараудың айырмашылық ерекшелігі тәжірибелік қолданылуында және дипломдық жұмыстағы автордың ұсыныстарын қолданудағы шынайылығы болып табылады.

Қорытынды студенттің зерттеу барысында алынған теориялық және практикалық сипаттағы негізгі нәтижелерді енгізуі керек, сонымен қатар зерттеу нәтижелері бойынша қысқа қорытынды, қойылған мәселелердің толықтығын бағалау, зерттелген зерттеу объектісі бойынша нақты ұсыныстардан тұруы қажет. Негізгі қорытындылар әрбір бөлімнің соңында берілуі мүмкін, бірақ маңызды қорытындылар мен нәтижелер көлемі 1-2 бетті құрайтын нақты қорытындыда жиналып көрсетілуі керек.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі дипломдық жұмысты жазуда қолданылған әдебиеттер туралы ақпараттарды көрсетіп, осы Ереже талаптарына сай рәсімделуі керек және олардың саны 25-тен кем болмауы керек.

Қосымшаларда жанама маңызды және аралық формулалар мен есептер, кестелер, ережелер, әдістемелер, есепті шешу алгоритмдерін сипаттау, статистикалық, салық есептемелерімен және т.б. тұратын мәліметтер келтіріледі, жұмыстың мәтіні барысында оларға сілтемелер беріледі.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын салаға қатысты түсінікті терминдер және анықтамаларды қолданған жөн.

4 Диплом жұмысын рәсімдеуге қойылатын талаптар

Диплом жұмысы компьютер, принтер арқылы А4 форматты ақ қағаздың бір жақ бетіне *бір интервал* (аралық) сақтай отырып орындалады. Шрифт-қалыпты «Times New Roman», кесті 14. Диплом жұмысының көлемі 40-45 бет.

Диплом жұмысының мәтіні жан-жағынан қалдырылатын ашық орындардың (поля) мына мөлшерлерін сақтай отырып басылуы тиіс: сол жағынан - 30 мм, жоғары жағынан - 20 мм, оң жағынан - 10 мм және төменгі жағынан - 25 мм.

Дипломдық жұмыстағы тегі, мекеменің, ұйымның, фирманың аттары, өнімнің аталуы және басқа жалқы есімдер атаулары түпнұсқа тіліне келтіріледі.

Жалқы есімдерді қысқартып келтіруге, ұйымдар мен кәсіпорындардың атауын көрсетуге рұқсат етіледі.

Диплом жұмысының құрылымдық элементтерінің атаулары «**МАЗМҰНЫ**», «**КІРІСПЕ**», «**ҚОРЫТЫНДЫ**», «**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**», сонымен қатар тараулардың атаулары құрылымдық элементтерінің басында жазылуы тиіс, оларды беттің жоғары жағында ортасында бас әріппен, аяғында нүкте қоймай, астың сызбай толық шрифтпен басу қажет.

Мысалы:

КІРІСПЕ

Диплом жұмысын бөлімге және бөлімшелерге бөлу қажет. Әрбір бөлім және бөлімше аяқталған ақпараттан тұруы қажет.

Бөлімдердің атаулары диплом жұмысының тақырыбын ашып көрсетуі, ал бөлімшелердің атаулары өзі сәйкес бөлімінің тақырыбын ашып көрсетуі тиіс.

Дипломдық жұмыстың тарауларының бүкіл құжат шегінде реттік саны болу қажет. Олар нүктесіз араб сандармен белгіленген және абзацтан жазылуы тиіс. Бөлімшелер (параграфтар) әр тараудың шегінде реттік саны болуы керек. Бөлімшенің реттік саны тарау мен бөлімшелердің нүкте арқылы бөлінген реттік санынан тұрады. Бөлімшенің реттік санының соңында нүкте қойылмайды. «Тарау», «бөлімше» сөздері тақырыпшада жазылмайды. Дипломдық жұмыстың әр бөлімін жаңа беттен бастау керек. Бір бөлімнің ішіндегі тараулар бір-бірінен соң мәтіннен екі жол төмен түсіріліп бөлінеді.

Дипломдық жұмыстың «Мазмұнына» тараулар мен бөлімшелердің беттері көрсетілген нөмірлері мен атаулары кіреді. «Мазмұны» деген сөзді бас әріптермен тақырыпша ретінде мәтінге симметриялы түрде жазады.

Мысалы: Тақырыбы «Кәсіпорындағы фирмашілік жоспарлауды ұйымдастыру («Өбеке» ЖШС-нің мысалында)»

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
1 КӘСІПОРЫНДАҒЫ ФИРМАШІЛІК ЖОСПАРЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ	5
1.1 Фирмашілік жоспарлауды ұйымдастырудың қажеттілігі, мәні мен маңызы	
1.2 Кәсіпорындағы фирмашілік жоспарлау кезеңдері және оларды ұйымдастыру тәртібі	
1.3 Фирмашілік жоспарлау көрсеткіштері, оларды есептеу әдістемесі	
2 “ӨБЕКЕ” ЖШС-де ФИРМАШІЛІК ЖОСПАРЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ДЕНГЕЙІН БАҒАЛАУ	17
2.1 “Өбеке” ЖШС қызметінің экономикалық көрсеткіштерін талдау	
2.2 “Өбеке” ЖШС нарықтық даму стратегиясын талдау	17
2.3 Кәсіпорындағы фирмашілік жоспарлауды ұйымдастыру жағдайын бағалау	
3 КӘСІПОРЫНДАҒЫ ФИРМАШІЛІК ЖОСПАРЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ДЕНГЕЙІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	
3.1 Нарықтық ортаға икемді кәсіпорынның фирмашілік даму жоспарын әзірлеу	28
3.2 “Өбеке” ЖШС фирмашілік жоспарын ұйымдастыруда өндірісті диверсификациялау мүмкіндіктерін пайдалану	28
ҚОРЫТЫНДЫ	37
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	39
ҚОСЫМШАЛАР	40

Мәтіндегі абзац мөлшері бес белгіге тең (1,0 см).


Диплом жұмысының беттерін араб сандарымен нөмірлеу қажет. Беттің нөмірі қағаздың төменгі жағының ортасына нүктесіз қойылады. Титул бетіне нөмір қойылмайды. Жекелеген беттерге орналастырылған иллюстрациялар және кестелер және ЭЕМБ арқылы жасалған басылымдар диплом жұмысы беттерінің жалпы нөмірлеріне қосылады.

A3 формат парағындағы иллюстрациялар, кестелер ЭЕМБ арқылы жасалған басылымдар бір бет ретінде есептелінеді.

Диплом жұмысындағы иллюстрациялар (сызбалар, карталар, кестелер, схемалар, диаграммалар, түсірілген суреттер) бірінші немесе келесі беттерде екендігі ескертілген мәтіннен кейін орналасуы керек. Барлық иллюстрацияларға сілтемелер болуы қажет.

A4 форматынан кіші түсірілген суреттер болған жағдайда олар стандартты ақ қағазға желімденуі керек.

Иллюстрациялардың реттік нөмірлері және атаулары болуы тиіс, ол суреттің астында жолдың ортасынан жазылуы тиіс (Мысалы: 1-сурет – «Әбеке» ЖШС-нің ұйымдастырушылық құрылымы).



1-сурет – «Әбеке» ЖШС-нің ұйымдастырушылық құрылымы

Кестелер көрсеткіштерге салыстырмалы құрылымдық-қарқынды талдау жүргізу үшін келтіріледі. Кестенің атауы оның мазмұнын ашатындай және қысқа болуы тиіс. Кестенің атауы кестенің жоғары сол жағына қарай, абзацсыз нөмірленіп бір жолға сызықша арқылы жазылады (мысалы: 1-кесте – «Әбеке» ЖШС-нің 2012-2015 жылдардағы негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері). Кестенің өзі ескертілген мәтіннен кейін орналастыру қарастырылады. Барлық кестелерге диплом жұмысында сілтемелер болуы тиіс.

Кестелерді келесі параққа (бетке) көшіру барысында тақырыбы тек қана бірінші бөлігінің үстіне орналастырады (бұл ретте кестенің шектейтін төменгі көлбеу сызық сызылмайды), ал келесі бөлігінде «Жалғасы» сөзі жазылады, және кесте нөмірі көрсетіледі, мысалы: «1-кестенің жалғасы».

Қосымшаға шығарылған кестелерден басқа, кестелер бағынан аяғына дейін нөмірленуі тиіс.

Кесте жолдары және графа атаулары жекеше түрде бас әріппен жазылады, ал графаның тақырыпшалары, егер тақырыпша бір сөйлемнен тұрса, тармақша әріптермен, немесе егер олар дербес мағынаға ие болса, бас әріппен жазылады. Кестенің тақырыбы мен тақырыпшасынан кейін нүкте қойылмайды.

Кестелердің шрифт мөлшерін мәтіндегіден кем алуға, көбіне №12 көлбеумен жазуға рұқсат беріледі.

Кестенің рәсімделуінің мысалы:

1-кесте - «Әбеке» ЖШС өндірістік қызметінің технико-экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2015 ж.	Ауытқуы	
				(+;-)	%
Өткізілген өнім көлемі	мың тт.				
Өткізілген тауардың өзіндік құны	мың тт.				
Жалпы табыс	мың тт.				
Таза табыс	мың тт.				
Өткізілген тауардың 1 тт. кеткен шығындар	тт.				
Өнім рентабельділігі	%				
Өндіріс рентабельділігі	%				
Жұмыскерлер саны	адам				
Жұмысшылар саны	адам				
Бір жұмысшының өнімділігі	мың тт.				
1 жұмыскердің орта айлық еңбек ақысы	тт.				
Негізгі құралдардың орта жылдық құны	мың тт.				
Қор қайтарымдылығы	тт.				
Қор сыйымдылығы	тт.				

Ескерту – Кәсіпорын мәліметтері негізінде есептелген.

Кесте мен мәтіннің арасы 2 интервал немесе 1 бас жол тастау керек.

Егер мәтін мазмұнына, кесте немесе графикалық материалдарға түсінік не анықтамалық мәліметтер қажет болса, дипломдық жұмысқа ескерту енгізіледі. Ескертулерді абзацтан және бас әріптен бастап жазады. «Ескерту» сөзі абзацтан бас әріппен жазылуы және сызылмауы тиіс. Ескертуді оған қатысты мәтіннен, графикалық материалдан кейін немесе кестеге орналастырады. Егер ескерту біреу болса, онда «Ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескерту бас әріппен жазылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер араб сандарымен рет-ретімен нүктесіз нөмірленеді. Кестелер бойынша ескерту кестенің аяқталуын білдіретін соңғы сызықтың үстінен жазылады.

Формулалар және теңдеулер мәтіннен басқа жеке жолға бөліп көрсетіледі. Әрбір формулалар және теңдеулердің жоғары және төменгі жағынан бос, бір жолдан кем емес орын қалдыру қажет. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдеу теңдік таңбаларынан кейін (=) немесе қосу белгісінен кейін (+), алу (-), көбейту (X), бөлу (:), немесе математикалық белгілерден кейін көшірілуі тиіс және келесі жолдардың басында таңба тағы қайталанады.

Символдар мен сандық коэффициенттердің мағыналарын түсіндіру формулаға сәйкес келтіріліп, формулада берілген бірізділікпен жүргізілуі керек. Символдар мен сандық коэффициенттердің белгісін жаңа жолдан беру керек. Түсіндірудің бірінші жолы «мұндағы» деген сөзбен қос нүкте қою арқылы бастайды.

Диплом жұмысындағы формулаларды реттік нөмірлермен нөмірлеу барлық жұмыс шегінде дөңес жақшаға алынып, сандармен оң жақ шетте бір жолда қарастырылады.

Формуланы құрастырудың мысалы төмендегіше:

$$\eta = \frac{t^2 \sigma^2 N}{t^2 \sigma^2 + d^2 N} \quad (1)$$

мұндағы: t – сенімділік коэффициенті, ол өз кезегінде (p) мүмкіншілікке қатысты шекті қате t – орта қателігінен аспайтындығын дәлелдейді;
 σ^2 – зерттеліп отырған белгінің дисперсиясы;
 σ^2 – таңдаманың шекті қатесі;

N – зерттеліп отырған бас жиынтықтың бірлік саны.

Қолданылып отырған сілтемелерді тік жақшамен белгілеген дұрыс (мысалы, [1]). Бір сілтеме бірнеше рет қолданса, онда тік жақша ішінде қолданылған әдебиеттің реттік санымен қоса сәйкес беттің нөмірі көрсетіледі (мысалы, [1, 15 б.]).

Анықтамалардың, түсініктемелердің және қысқартылған сөздердің, шартты мағыналардың, символдардың, физикалық өлшем бірліктерінің және терминдердің тізімі баған бойынша берілуі тиіс және олар бағанның сол жағында мәтінде аталып өту ретімен немесе алфавиттік тізім бойынша орналастырылып, бағанның оң жағында олардың орқайсысына түсініктеме беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер туралы анықтамаларды дипломдық жұмыстың мәтінінде сілтемелердің пайда болу ретімен орналастырып, оларды араб сандарымен нүктесіз нөмірлеп, жаңа жол арқылы жазу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу мысалы:

1 ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз // Егемен Қазақстан, 28 қаңтар, 2011 жыл.

2 Бухалков М.И. Внутрифирменное планирование. Учебник. Москва: Инфра-М, 2010.

3 Горемыкин В., Бугулов Э. Планирование на предприятии. Учебник. Москва: Филит, 2009 г.

4 «Әбеке» ЖШС-нің 2011-2015 жылдардағы есептік мәліметтері.

Қосымшалар диплом жұмысының жалғасы ретінде рәсімделеді. Диплом жұмысының мәтінінде барлық қосымшаларға сілтеме болуы тиіс. Қосымшалар мәтіндегі сілтемелердің ретіне қарай орналасады.

Әрбір қосымша жаңа беттен басталып «Қосымша» сөзі мен атауы беттің жоғарғы жағының ортасында көрсетілуі тиіс. Қосымшаларды қазақ тілі алфавитінің бас әріптерімен белгілейді, яғни А-дан бастап, В,З,Й,О,Ч,Б,Ь әріптерінен басқасы. Әрбір «қосымшаның» иллюстрациясын бөлек нөмірлеп көрсетіп, санның алдына қосымшаның әріптік белгілеуін жазу керек. Мысалға, А Қосымшасы: А 1-сурет – Респонденттердің «Жақын арада қандай тұрмыстық техника алуды жоспарлап отырсыз?» деген сұраққа жауабы.

Әрбір «Қосымшаның» кестесін бөлек нөмірлеп көрсетіп, санның алдына қосымшаның әріптік белгілеуін жазу керек. Мысалға, А Қосымшасы: А1-кесте – «Әбеке» ЖШС тұтынушыларының пікірсұрауының нәтижесі.

Қосымшалар дипломдық жұмыстың басқа да тарауларымен ортақ нөмірленуі керек.

5 Диплом жұмысын қорғау тәртібі

Дипломдық жұмыс алдын ала қорғаудан өту үшін кафедраға тапсырылады. Дипломдық жұмысты алдын ала қорғау кафедраның ашық отырысында студенттердің және міндетті түрде ғылыми жетекшілердің қатысуларымен және қажет болған жағдайда, ғылыми консультанттардың қатысуымен өткізіледі. Алдын ала қорғау кафедра отырысының хаттамасымен рәсімделеді (Қосымша Е).

Алдын ала қорғаудан ойдағыдай өткен, қойылған талаптарға сәйкес рәсімделген, аяқталған дипломдық жұмыс студенттің қолы қойылып, ғылыми жетекшіге ұсынылады.

Ғылыми жетекші диплом жұмысына жазбаша пікір жазады. Диплом жұмысы қабылданған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қойып және қорғауға жіберілгендігі туралы жазбаша-пікірмен бірге кафедра меңгерушісіне ұсынады. Диплом жұмысы қабылданбаған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қоймайды, бірақ диплом жұмысының қорғауға жіберілгендігі жөніндегі өзінің жазбаша пікірін жазады. Осы материалдардың негізінде кафедра меңгерушісі диплом жұмысына нақты соңғы тұжырыммен шығарады да, оны титул

бетіне жазады. Егер кафедра меңгерушісі студенттің диплом жұмысын қорғауға жіберуге болмайды деп шешсе, бұл сұрақ студент пен ғылыми жетекшінің қатысуымен кафедра отырысында қаралады. Кафедра отырысының хаттамасы жоғары оқу орынының ректорына бекітуге ұсынылады.

Кафедраның қорғауға ұсынған диплом жұмысы, кафедра меңгерушісімен сын-пікір жазуға жіберіледі.

Кафедра меңгерушісінің өндіріс және ғылыми ұйымдардың мамандары арасынан ұсынған сын-пікір жазушылардың тізімі ректордың бұйрығымен бекітіледі. Сын-пікір жазушылар ретінде басқа жоғары оқу орындарының профессорлар, доценттер, оқытушылар қатыстырылады. Сын-пікір берушілердің базалық жоғары білімі болуы тиіс және/немесе қорғалатын диплом жұмысының профиліне сәйкес ғылыми атағы, ғылыми немесе академиялық дәрежесі болуы тиіс. Сын-пікірде сын-пікір берушінің қолы қойылып, оның жұмыс орнының мөрімен расталуы керек. Ғылыми жетекшінің қорғауға жіберген, бірақ рецензенттің F - «қанағаттанарлықсыз» деп бағалаған диплом жұмысы жалпы жағдаймен қорғалады. Диплом жұмысына ғылыми жетекшінің пікірі және рецензенттің сын-пікірімен берілген соң Мемлекеттік аттестациялау комиссиясына қорғауға жібереді.

Диплом жұмысын қорғау студенттің қалауы бойынша қазақша және орыс тілдерінде жүргізіледі. Дипломдық жұмысты қорғауда электрондық қорларды мультимедиялық тұсау кесер түрінде тұстас техникалық қаражат базасында және ақпарат қатынас саласында жетістіктерді пайдалануда жүзеге асыруға болады. Диплом жұмысын қорғау студенттердің, кафедра оқытушыларының қатысуымен бұқаралық түрде ұйымдастырылады. Қорғауға ғылыми жетекшілері шақырылады, сонымен қатар дипломдық зерттеулер жүргізілген ұйымдардың өкілдері және басқа да ынталы тұлғалар қатыстырылады.

Бір диплом жұмысын қорғаудың ұзақтығы, ереже бойынша, бір студентке 30 минуттан аспауы қажет. Диплом жұмысын қорғау барысында студент мемлекеттік аттестациялық комиссияның және қатысушылардың алдында 15 минуттан аспайтын уақыт аралығында баяндама жасап, қорғайды. Онда зерттеудің негізгі мазмұнын, нәтижелерін мен беріледі (өзектілігі, ғылыми жаңалығы, негізгі қорытындылары мен қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар). Студенттің баяндамасы диплом жұмысының негізгі мазмұнын алатын көрнекі немесе интерактивті кестелік-иллюстрациялық материалдардан (кесте, сұзба, диаграмма, графиктер және т.б.) тұратын слайдтар түрінде ұсынылуы тиіс. МАК мүшелері ұжымдық түрде диплом жұмысын қорғау қорытындысы бойынша баллдық-рейтингтік әріптік жүйемен баға қояды. Бағалауда студенттің теориялық деңгейі, ғылыми және практикалық дайындығы, ғылыми жетекшінің пікірі және сын-пікір берушінің бағасы назарға алынады.

Егерде Мемлекеттік аттестациялау комиссиясы дипломдық жұмысты қорғау бойынша теріс баға берсе, онда дипломдық жұмыс бір жылдан кем емес уақыт ішінде өңделген түрінде қайта қорғалуы мүмкін. Егер студент өз жұмысын қорғауға орынды себеппен келмесе, Мемлекеттік аттестациялау комиссиясының шешімімен қорғау мерзімі кейінгі уақытқа ауыстырылады (бір жылдан артық емес). Диплом жұмысын қорғаудың қорытындысы ар студент бойынша мемлекеттік аттестациялау комиссиясының отырысының хаттамасымен рәсімделеді және өткізілу күнінде хабарланады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2009. – Б.86-92.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылдың 10 желтоқсанындағы «Салық және бюджетке төлейтін міндетті төлемдер туралы» № 100 -IV заң күші бар жарлығы
3. Есімжанова С.Р., Дюсембекова Ж.М., Манап А.С. Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (экономикалық мамандықтар бойынша). Алматы: Т. Рысқұлов атындағы ҚазҰУ, 2009. – 23 б.
4. Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп принциптері : Оқулық / Н. А. Құдайбергенов; ҚР Білім және Ғылым мин-гі бекіткен. - Алматы : Полиграфкомбинат, 2011. – 255 б.

А ҚОСЫМШАСЫ

Сулейман Демирель атындағы
университеті
«Экономика және қаржы» кафедрасының
меңгерушісі э.ғ.к., доцент
Д.Ж.Сарсеноваға «Экономика»
мамандығының
_____курс _____топ студенті
Аты жөні (толығымен)
Мекен жайы
телефоны: үй _____
ұялы _____
жұмыс _____

ӨТІНІШ

Диплом жұмысының тақырыбын келесідей нұсқада бекітуіңізді
сұраймын _____

Ғылыми жетекші: _____
(лауазымы, ғылыми дәрежесі мен атағы және аты-жөні)

Студенттің қолы _____

Күні _____

Б ҚОСЫМШАСЫ

Сулейман Демирель атындағы университеті
«Экономика және қаржы» кафедрасы
«5B050600 – Экономика» мамандығы

«Бекітемін»
«Экономика және қаржы» кафедрасының
меңгерушісі э.ғ.к., доцент
Д.Ж.Сарсенова
« _____ » _____ 20__ ж.

Диплом жұмысын орындау үшін ТАПСЫРМА

Студент _____ (аты-жөні)

Диплом жұмысының тақырыбы _____

ЖОО № _____ « _____ » _____ 20__ ж. бұйрығымен бекітілді.

аяқталған жұмысты өткізу уақыты _____

Жұмысқа байланысты алғашқы мәліметтер:

- а) дипломдық жұмыс бойынша жоспар-тапсырма;
- б) ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері;
- в) Диплом алдындағы практика кезіндегі алынған мәліметтер;
- г) Зерттеу объекті бойынша соңғы үш жылғы мәліметтері.

Диплом жұмысты дайындауда қарастырылатын сұрақтар тізімі немесе олардың қысқаша
мазмұны:

- 1 _____
- 2 _____
- 3 _____

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

- _____
- _____
- _____

Графикалық материалдар тізімі (кесте, диаграмма, сұлбалардың нақты көрсетілуімен)

- _____
- _____
- _____

Тапсырманы беру күні _____
Ғылыми жетекшісі, _____ аты-жөні, қолы
ғылыми дәрежесі, атағы _____
Тапсырманы орындауға қабылдады _____ аты-жөні, қолы
Студент: _____

В ҚОСЫМШАСЫ

Сулейман Демирель атындағы университеті
«Экономика және қаржы» кафедрасы

___ курс «5B050600 – Экономика» мамандығы, ___ тобының студенті

« _____ » тақырыбындағы дипломдық жұмысын жазу мен рәсімдеудің

КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР КЕСТЕСІ

